

*Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жайлы, жүрекке жылы тий,  
Теп-тепгіс, жұмыс келсін айналасы.  
А.Құнанбаев*

## КІРІСПЕ

Монографиялар Моңғолия елінде өмір сүрген халық ақындарының шығармалары жанрлық тұрғыдан жүйеленіп, олардағы фольклорлық дәстүр мәселесі жан-жақты талданған. Сонымен қатар, авторлық қолданыстарды өзіне тән ерекшелігі де айқындалған.

Халық ақындарының шығапмалары негізінен төрт түрлі жанрды қамтыған. Олар арнау, толғау, айтыс және дастан. Диссертациялық жұмыста осы жанрлардың негізінде шығарылған туындылардың басым көпшілігіне әдеби талдау жасауға талаптандық. Нәтижесінде, арнаулардың көпшілігі жекелеген адамдарға бағытталса, толғаулар заман келбеті мен халықтың тұрмыс-тіршілігін айқындауға арналған. Айтыстардың көпшілігі екі адамның арасындағы әзіл-қалжыңға негіздерген. Сондай-ақ, Моңғолиядағы қазақ халық ақындарына тән бір екершелік өлең түрінде шығарылған шежірелік мәліметтердің мол екендігі. Бұл орайда өлең-шежірелердің басым көпшілігі Абақ, Керей руларының ата-тектерін таратауға арналған. Халық ақындарының дастандары сан алуан тақырыптылығымен, көлемнің молдығы мен оқиғасының тартымдылығы мен ерекшеленеді. Әсіресе, діни аңыздардың желісіне шығарылған дастандар көп. Сондықтан да біз зерттеу барысында аңыз сюжеттеріне шығарылған дастандарды жеке тарауша етіп қарастырдық. Жалпы зерттеу барысында шығармалардың көркемдік келбеті назардан тыс қалған жоқ. Өйткені, фольклорлық

дәстүрдің қолданылуы айшықтау мен ажарлау барысында айрықша көзге түседі. Сонымен, жұмыстың негізгі сипаттамасы зерттеу объектісі болған халық ақындарының шығармаларындағы қолданылған фольклорлық сипаттар болып табылады.

Қазақ халқында халық ақындарының қалыптасқан ақындық мектебі, үрдісі бар. Оларды негізгі өзегі елдің фольклорлық құндылықтарынан алынған. Атап айтқанда, Сыр бойы, Жетісу ақындары, Сарыарқа ақындары және тағы басқалары. Сондай-ақ, Монғолия елінде өмір сүрген қазақ халық ақындарының да ерекшелігі жоқ емес. Мұнда да, айтыс, дастаншылдық, жыр-толғау жанырлары жақсы дамыған. Олардың шығармашылығы тақырып, мазмұн, стиль жағынан алуан түрлі болып келеді. Сондықтан, олардың мұрасын зерттеп, ерекшелігін ашу бүгінгі таңдағы әдебиеттену саласындағы үлкен мәселелердің бірі болмақ.

Қазақ халқының рухани мұрасының бөлінбес бір бөлшегі – сырт елдерде тұратын қазақтардың әдебиеті. Бірақ тәуелсіз ел болғанға дейін олардың әдеби-мәдени мұрасын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік болмады. Мұны заман зауалы деп ұққан жөн. Өйткені бағынышты халықтың елдік санасының оянуынан қауіптенген отарлаушылар оларды бір-бірінен әдейі алыстатуға тырысты. Сондықтан тарихымызды таразылауда солақайлыққа бой ұрып, идеологияның ыңғайына жығылды. Тілге-тиек, ауызға-қакпақ қойып, партиялық, таптық тұрғыдан сөйлеу бұлжымас заңға айналды.

Бүгінгі таңда тәуелсіз ел болып, еңсе көтердік. Бұрынғыдай жасқаншақтап, жалтақтайтын заман келмесе кетті. Тарихи шындықты жасырмай да, асырмай да айтатын уақыт келді. Ата жұрттан алыстағы ағайындар ат басын бұрды. Олардың рухани мұрасын зерттеу де қолға алына бастады. Бұл – ұлттық-әлеуметтік қажеттілік. Әлемнің әр түрлі елдерінде тұратын қандастардың сөз өнерін қара

шаңырақтағы қазақ әдебиетінің бір саласы ретінде қарағанда ғана қазақ әдебиетінің тұтас тарихы жасалмақ.

Қазақ әдебиетіне сырттан құяр қайнар бұлақтың бірі – Моңғолия қазақтарының әдебиеті десек, соның ең басында Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақовтың есімі тұрады. Ол – аймақ әдебиетінің негізін қалаған ірі суреткер. Оның әдеби мұрасын зерттеу өлке әдебиетінің даму жолын білуге мүмкіндік береді. Жазықсыз өмірі үзілген ақын мұрасы ұзақ уақыт зерттелмеді. Шет пұшпақтап пікір айтушылар идеология ықпалынан аса алмады. Сондықтан осы олқылықтың орнын толтыру үлкен міндет.

Моңғолиядағы қазақ халық ақындарының шығармашылығы арнайы алынып зерттелмеген. Десек те, жекелеген мақала деңгейіндегі басылымдар баршылық. Осы тұрғыдан келгенде, Қ.Қалиасқарұлының, З.Сейтжанұлының, Қ.Мақфуздың, Н.Қабидашұлының еңбектерін атап айтуға болады. Бірақ, аталмыш зерттеушілір халық ақындарын тұтастай алып қарастырмаған, жекелеген тұрғыда тақырыпқа қажетті шығармаларына тоқталған. Ал, халық ақындарының мұралары Баян-Өлгий аймағында шығатын «Шұғыла» атты әдеби журналда жарияланған. Дегенмен, аталған журналда айтарлықтай жан-жақты талданған ғылыми мақалалар жарық көрмеген. Көпшілігінде сипаттама тұрғыда шолу тәріздес материалдар жарияланған.

Халық ақындарының мұрасын жариялау барысында Қ.Қалиасқарұлының, З.Сейтжанұлының еңбектерін атап айтуға болады. Олардың басшылығымен «Халық ақындары», «Қажыбаян», «Ғақлия», «Айтыс өлең» және тағы басқа тәрізді кітапшалар баспа бетінен жарық көрген. Әрине, бұл жинақта әдебиет зерттеушілеріне үлкен көмек көрсеткендігі айдан анық.

1992-1995 жылдардың аралығында «Шұғыла» журналында Д.Қуанған, Е.Жидайұлы, С.Қажыбайұлы,

Ә.Қажетбер тәрізді әдебиетшілердің халық ақындары Төлебай, Ақтан, Ақыт туралы мақалалары жарияланған.

Еңбекті жазудағы мақсат шығармашылығы жан-жақты зерттелмеген, Моңғолиядағы қазақ халық ақындарының туындыларын қарастыра отырып, жүйелі талдау жасау, олардың тіл шеберлігін, стилін айқындау, фольклорлық үлгілердің қолданылуын теориялық тұрғыдан жіктеп көрсету. Осыған орай диссертацияда мына мәселелерге көңіл аударылды:

- сауатты халық ақындары мен хат білмеген төкпе ақындардың фольклорлық үлгілерді қолданудағы өзіндік ерекшеліктері;

- фольклордың кейбір шағын жанрларының даму себептері;

- көркемдеу, бейнелеу тәсілдерінде дәстүр жалғастығы;

- адам мен жануарлар айтысының жандануы, жаңғыру себептері;

- айтыстар мен дастандардағы фольклорлық көріністер, фольклорлық сарынның қолданылуы.

Монография Моңғолиядағы қазақ халық ақындарының шығармаларындағы фольклорлық дәстүрді көрсетуге арналған алғашқы еңбек. Фольклорлық дәстүрге орай тақырыптың сабақтастығы, ауыз әдебиетінің шағын жанрларының (беташар, жоқтау, қоштасу және т.б.) жиі ұшырау себебі, аңыз желісінде туындаған шығармалардың өзіне тән ерекшелігі айқындалған. Көркемдеу, бейнелеу саласындағы ауыз әдебиеті үлгілерінің қолданылу тәсілдері, сыртқы сұлулық пен ішкі мазмұнның үйлесімділігі жан-жақты қарастырылған.

XX ғасырдың алғашқы кезеңінде жазба әдебиетімен жарыса ауыз әдебиеті де кеңінен дамыды. Халық ақындарының мұралары түрлі бас қосуларда әртүрлі жағдайға байланысты ауызша шығарылып, оны естігендер

кейде ақынның өзі жатқа қайталап, көпшілікке таратып отырған. Сонымен қатар, араб графикасымен баспалардан жарыққа да шығарылған. Жалпы әдебиеттің дамуы, заманды танытуы, оны суреттеу, бейнелеуі фольклормен байланысты өркендеді. Көне дәуірдегі фольклорлық туындылардың авторлары ұмытылған болса, кейінгі осы үрдісте шығарылған халық ақындарының мұрасының авторлары шығармалары баспа бетін көргендіктен халыққа белгілі бола бастады. Міне, осы тәрізді өзгешелік пен ұқсастықтар ғылыми еңбектің мазмұнында өзінің тиісті көрінісін тапты.



## **I тарау. Мазмұн мен формадағы сабақтастық**

Қазақ әдебиеттану ғылымында «форманы» «пішін» деп те алып, қарастырып жүр. Қай тұрғыдан алып қарасақ та мазмұн көркем туындының ішкі дүниесі де, пішін немесе форма сыртқы әлпеті болып табылады. Ғалым З.Қабдолов: «Сонда әдеби шығарманың мазмұны - өз эстетикалық идеалының тұрғысынан суреткер таныған ақиқат өмір де, пішін – осы шындық тұтастырыла жинақталған көркем образдар жүйесі, яки әдеби қаһармандар өмірі екенін түсіну қиын емес» [1,149 б.] деп атап көрсетеді. Олай болса, жекелеген халық ақындарының мұраларын қарастыра отырып, мазмұн мен формадағы сабақтастық мәселесін ашу арқылы фольклорлық үрдісте қалыптасқан көркем дүниелердің болмыс-бітімін айқындауға қол жеткізеріміз хақ.

Моңғолия қазақтары халық ақындарының өмір жолы мен әдеби мұрасы толық әрі жан-жақты зерттеліп болды